

Педагогтің аты-жөні		Калмуратова Ж		
Күні:		01.09		
Сынып: 1		Қатысушылар саны:12	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы		1 - қыркүйек – Білім күні «Білімге ұмтылу – Отаншылдық және еңбексүйгіштік»		
Сабақ мақсаты		Балаларға 1 - қыркүйек күні – білім күні жайында түсінік беру. Өз туған елдеріне, жерлеріне, балабақшасына сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Байланыстырып сөйлеуге, сөйлем құра білуге үйрету.		
Сабақтың барысы.				
Сабақтың кезең уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Басы	Психологиялық ахуал қалыптастыру. Жұмыс ережесін келісу ☞ Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз! ☞ Уақытты үнемдейміз! ☞ Нақты, дәл жауап береміз! ☞ Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз! Әнұран орындалады.	Психологиялық ахуалға берілген тақпақтарды дауыстап айтып, тілді жаттықтыру және жаңа сабаққа назар аудару.		Психологиялық ахуал.
Ортасы	Мемлекеттік әнұранды орындау. Балалар, бүгін бізде ерекше күн, бүгінгі сабағымыз біздің білім күніне, бірінші қыркүйек күніне арналған. 1 - ші қыркүйек күні барлық мектептерде басқа да білім беру мекемелерде сабақтар басталады. Бұл күн сендер үшін, яғни оқушылар үшін және біздер үшін, ұстаздар үшін үлкен мереке күні болып саналады. Әр бір мектептерде, балабақшаларда, басқа да білім беру мекемелерде тұңғыш қоңырау соғылады (слайдтан қоңырау соққан баланың суретін көрсету). Осы тұңғыш қоңыраудан бастап күнделікті оқу басталады. Балалар, жақсы, білімді, тәрбиелі азамат болу үшін, ерінбей оқу оқып, білім алу керек. Ол үшін сендер балабақшаға күнде келіп, сабақ оқып, тәрбие алу керексіңдер. Балалар, біз МАД тобында оқу оқығанда біздің Қазақстан Республикасының рәміздері жайында білім алғанбыз, ендеше есімізге түсірейікші, біз қандай Қазақстан Республикасының рәміздерін білеміз. (балалардың жауабын тыңдау) Дұрыс, әнұран, елтаңба, ту. Өте жақсы балалар. Сендер өздерінің Республикаларын, рәміздер жайында, елорда жайында барлығын білесіңдер. Балалар өздерінің жаттаған тақпақтарын айтады.	Берілген сұраққа жауап беріп, өз ойларын білдіру.	Формативті бағалау. ҚБ: Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау. .	
Соңы	Қорытынды: Міне, балалар, осы күннен бастап бізде күнделікті сабақтарымыз, қызықты да көп нәрсеге үйренетін	Балалар бір біріне деген тілектерін		

	күндеріміз басталды. Бүгінгі сабаққа жақсы қатысқандары үшін көп рахмет. Бүгінгі 1 - ші қыркүйек – білім күніне арналған сабағымыз осымен аяқталды.	білдіреді.		
--	--	------------	--	--

Тақырыбы: ЖЖЕ «Көше күтпеген оқиғаларға толы»

Сынып жетекші:Калмуратова Ж. Сынып: 1 Күні 02.09.2022ж

Сабақтың мақсаты: Оқушыларға көше жайлы, көшеде қалай жүру керектігі туралы түсінік беру. Міндеттері: 1. Көшеде дұрыс жүруге ,мұқият болуға тәрбиелеу 2. Өмірге деген көз – қарасын дамыту. 3. Оқушылардың көшеде жүру ережелерін меңгеру дағдысын қалыптастыру және оны іс - жүзінде пайдалана білуін жетілдіру. Материал ресурсы: (Көрнекілігі) Көшелер, жүргіншілерге арналған белгілері бар қиылыстар, жол белгілері салынған суреттер, жаяу жүргіншілер өтетін жер, «Алғашқы дәрігерлік көмек», «Жанармай станциясы», «Тамақтану орны», «Телефон», «Машина қоятын жер», т.б.

Сабақ барысы:

Ұйымдастыру кезеңі. Позитивті бейімдеу. Балалар шеңбер құрып

отырады.Күн шуағы сендердің көздеріңнен беттеріңе қарай жылжиды .

Алақандарыңмен сипаңдаршы. Ол ары қарай маңдайыңа , мұрныңа

бетіңнің ұшына , иегіңе түсті. Алақандарыңмен күн шуағының

жолдарын сипап көріңдер. Одан кейін мойныңнан, ішіннен, қолыңнан,

аяғыңнан, арқанды сипап өтіп, желке тұсыңа барды.Күн шуағы сені

жылытып, аймалайды .Сен оған күліп,қарап, мейірімді шуағын

жүрегіңе түй.

Дәйек сөз: . "Көше саған бөлме емес,

Оны бала ұмытпа!"

Мәтінмен жұмыс: 1.Жаяу жүргінші жаяу жол (тротуар) немесе жаяу

жүргіншіге арналған жолмен жүруі тиіс. Егер олар болмаса, жол

жағалауымен немесе велосипед жолымен (велосипедшілер

қозғалысына кедергі келтірсе) жүру керек. 2.Елді мекеннен тыс

жерлерде жаяу жүргінші көлік құралдары қозғалысына қарама-қарсы

бағытта жүруге тиіс; 3.Жаяу жүргінші жолды жер асты өтпесі, аспалы

көпірлер, жол таңбалары салынған немесе «жаяу жүргінші өтпесі»

белгісі қойылған жерлер арқылы кесіп өтеді. Жаяу жүргінші өтпесі белгіленбеген жол учаскесінде жолды қиылыстардан жаяу жол жиегі бойымен, ал олардың аралағында – жол жақсы көрінетін жерде тікелей кесіп өтуге рұқсат етіледі; 4.Қозғалыс реттелетін жерлерде жаяу жүргінші реттеуші немесе бағдаршам сигналдарын басшылыққа алуы тиіс; 5.Қозғалыс реттелмейтін жерлерде жаяу жүргінші жақындап қалған көлік құралымен арақашықтықты, сондай-ақ олардың жылдамдығын болжап алып, жолдан өту қауіпсіздігіне анық көз жеткізген соң ғана жолды кесіп өте алады; 6.Жаяу жүргінші жолдан өтіп бара жатып аялдауға немесе қажетсіз тоқтауға тиіс емес. Жолдан өтуді аяқтап үлгермеген жаяу жүргінші ары қарайғы қозғалысты қауіпсіздік аралында күтуге тиіс. Егер ондай болмаса, қарама-қарсы бағыттардағы көлік ағынын бөліп тұратын сызық бойында күтуі керек; 7.Автобус, троллейбус, трамвай, таксиді тек қана отырғызу алаңында күту қажет. Егер ондай болмаса, жаяу жол немесе жол жиегінде тосқан

жөн. Әңгімелеу (сұхбат): Көше деген не? Қала ,кент немесе ауыл ішіндегі автокөліктердің ,басқа да көлік түрлерінң , адамдардың жүруіне арналған жолдарды көше деп атайды. Көшеде жүру тәртібін сақтамау не себепті қауіпті? Кейде ерсілі –қарсылы жүріп жатқан авто көліктердің, мотоциклдердің қақтығысуы не себепті болады? Егер автокөлік жүргізушілері жолда жүру ережелерін бұзбаса , оның талаптарын орындаса , мұндай жағдайлар болар ма еді? Жаға жолмен қалай жүреді ? Жолға шыққан соң міндетті түрде оның оң қапталымен , қарсы келе жатқан жаяу жүргіншілер –сол жақ қапталымен бір-біріне кедергі келтірмей жүруі тиіс. Ал жолдың қарсы бетіне тек қана арнайы « Жаяулар өтетін жер» арқылы өтуге болады. Мәтін оқу: Көшеде көліктер жүретін жер жол үсті деп аталады. Көшедегі жолдың екі жақ қапталына жаяу жүргіншілер үшін жаға жолдар салынады. Көп жағдайда жаяу жүргіншілердің өтетін жерлеріне жүргіншілердің қауіпсіздігі үшін арнайы қоршаулар орнатылады.Жаяу жүргіншілер көшенің екі қапталындағы жаға жолмен жүруі тиіс.Топпен ән айту: «Бағдаршам»

Қорытындылау: Өмірде күтпеген оқиғалардан сақтану үшін жол

ережелеріне бағыну керек. «Сақтансаң сақтармын» дегендей

ережелерді тек білу ғана шарт емес, оны бұл оны бұлжытпай орындаса ғана

аман - есен жүруге болады.

Педагогтің аты-жөні		Калмуратова Ж		
Күні:		09.09.2022		
Сынып: 1		Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы		Отбасы—өмір аясы		
Сабақ мақсаты		Жақын адамдарына пайда келтіру мен отбасында өмір сүру қажеттіліктерін қалыптастыру.		
Сабақтың барысы.				
Сабақтың кезең уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурс тар
Басы	Психологиялық ахуал қалыптастыру. Жұмыс ережесін келісу ☞ Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз! ☞ Уақытты үнемдейміз! ☞ Нақты, дәл жауап береміз! ☞ Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз! Әнұран орындалады.	Психологиялық ахуалға берілген тақпақтарды дауыстап айтып, тілді жаттықтыру және жаңа сабаққа назар аудару.		Психолог иялық ахуал.
Ортасы	Отбасы-мемлекеттің негізгі буыны. Тәрбие – отбасынан басталады, болашақ ұрпақтың еліне, Отанына деген сүйіспеншілігі алдымен ата-ананың ықпалы мен қалыптасады.«Дәулет есіктен, ақыл бесіктен кіреді» демекші білім бесігі мектептен, тәрбие бесігі отбасынан бастау алады. Отбасының екі тірегі-әлпештеген әке мен аялаған ана. Ата-анаға үлкенге қызмет етіп, әкеңнің еңбегін, анаңның ақ сүтін өтеу-біздің борышымыз. Бүгін біз «Отбасы-аялы алақан мекені» тақырыбындағы тәрбие сағатымызда бала тәрбиесі, оның жан-жақты дамуы бағытында өз ойымызды ортаға салмақпыз. Отбасы-адам баласының түп қазығы, алтын ұясы. Адам баласы шыр етіп дүние есігін ашқаннан бастап сол ортаның ыстық-суығына бейімделіп, ықпалына көніп, осында ер жетеді. Отбасы мүшелерінің жауапкершілігі толығымен ер азаматқа жүктеледі. Баланы өсіріп тәрбиелеу – әйел ананың тікелей міндеті. Балаларға сұрақ қою. 1. Балдан тәтті не? (бала) 2. Шаңырақ иесі кім? (кенже ұл) 3. Балаға кім сыншы? (ата-ана) 4. Әкеден балаға беріледі (мұра) 5. Үйде кім, елде кім қадірлі (үйде қонақ, қарт, бала қадірлі; елде әкім, ұстаз қадірлі.) 6. Үйдегі алтын қазық кім? (ана)	Берілген сұраққа жауап беріп, өз ойларын білдіру.	Формативті бағалау. ҚБ: Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау. .	

	7. Бес дұшпанды атаңдар? (өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ) 8. «Ұл атадан көрмейінше сапар шекпес» кімнің нақыл сөзі? (Қорқыт ата) 9. Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы заң қашан қабылданды? (2002 ж 8-тамыз) 10. Қаз да емес, үйрек те емес, Дастарханда болмайды Бірақ барлық адам дәм татқан (ана сүті)			
Соңы	Қорытынды: Отбасы: • сүйіспеншілікті сезінуге үйретеді; • жақсылыққа жетелейді; • еңбектенуге, білім алуға көмектеседі; • үлкендерді құрметтеуге, кішілерге қамқор болуға тәрбиелейді. Балалар отбасы әр адамның жақсылық бастауы, тәрбие көзі екенін түсіндіріп, оқушылардың бойында өз отбасына деген сыйластық қарым-қатынасының дами түсуіне ықпал жасайды.	Балалар бір біріне деген тілектерін білдіреді.		
Педагогтің аты-жөні		Калмуратова Ж		
Күні:		09.09.2022		
Сынып: 1		Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы		Отбасы—өмір аясы		
Сабақ мақсаты		Жақын адамдарына пайда келтіру мен отбасында өмір сүру қажеттіліктерін қалыптастыру.		
Сабақтың барысы.				
Сабақтың кезең уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурс тар
Басы	Психологиялық ахуал қалыптастыру. Жұмыс ережесін келісу 🌀 Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз! 🌀 Уақытты үнемдейміз! 🌀 Нақты,дәл жауап береміз! 🌀 Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз! Әнұран орындалады.	Психологиялық ахуалға берілген тақпақтарды дауыстап айтып, тілді жаттықтыру және жаңа сабаққа назар аудару.		Психолог иялық ахуал.
Ортасы	Отбасы-мемлекеттің негізгі буыны. Тәрбие – отбасынан басталады, болашақ ұрпақтың еліне, Отанына деген сүйіспеншілігі алдымен ата-ананың ықпалы мен қалыптасады.«Дәулет есіктен, ақыл бесіктен кіреді» демекші білім бесігі мектептен, тәрбие бесігі отбасынан бастау алады. Отбасының екі тірегі-әлпештеген әке мен аялаған ана. Ата-анаға үлкенге қызмет етіп, әкеңнің еңбегін, анаңның ақ сүтін өтеу-біздің борышымыз. Бүгін біз «Отбасы-аялы алақан мекені»	Берілген сұраққа жауап беріп, өз ойларын білдіру.	Форма тивті бағалау. ҚБ: Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау.	

	тақырыбындағы тәрбие сағатымызда бала тәрбиесі, оның жан-жақты дамуы бағытында өз ойымызды ортаға салмақпыз. Отбасы-адам баласының түп қазығы, алтын ұясы. Адам баласы шыр етіп дүние есігін ашқаннан бастап сол ортаның ыстық-суығына бейімделіп, ықпалына көніп, осында ер жетеді. Отбасы мүшелерінің жауапкершілігі толығымен ер азаматқа жүктеледі. Баланы өсіріп тәрбиелеу – әйел ананың тікелей міндеті. Балаларға сұрақ қою. 1. Балдан тәтті не? (бала) 2. Шаңырақ иесі кім? (кенже ұл) 3. Балаға кім сыншы? (ата-ана) 4. Әкеден балаға беріледі (мұра) 5. Үйде кім, елде кім қадірлі (үйде қонақ, қарт, бала қадірлі; елде әкім, ұстаз қадірлі.) 6. Үйдегі алтын қазық кім? (ана) 7. Бес дұшпанды атаңдар? (өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ) 8. «Ұл атадан көрмейінше сапар шекпес» кімнің нақыл сөзі? (Қорқыт ата) 9. Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы заң қашан қабылданды? (2002 ж 8-тамыз) 10. Қаз да емес, үйрек те емес, Дастарханда болмайды Бірақ барлық адам дәм татқан (ана сүті)		.	
Соңы	Қорытынды: Отбасы: • сүйіспеншілікті сезінуге үйретеді; • жақсылыққа жетелейді; • еңбектенуге, білім алуға көмектеседі; • үлкендерді құрметтеуге, кішілерге қамқор болуға тәрбиелейді. Балалар отбасы әр адамның жақсылық бастауы, тәрбие көзі екенін түсіндіріп, оқушылардың бойында өз отбасына деген сыйластық қарым-қатынасының дами түсуіне ықпал жасайды.	Балалар бір біріне деген тілектерін білдіреді.		
Педагогтің аты-жөні		Калмуратова Ж		
Күні:		16.10.2022		
Сынып: 1		Қатысушылар саны:12	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы		Жаңа келген кітаптармен таныстыру		
Сабақ мақсаты		Кітап заманымыздың өмірі. Рухани жан дүниемізді оятып, білімімізді молайтып, үлгі- өнеге беретін ақылшы дос, білім көзі, рухани қазына- кітап әлеміне шолу жасау. Кітап әлемі- адамды арман биігіне самғатып, ақыл- ой сұлулық әлемін шарлатып, білім- ғылым жолына жетелейтін ғажайып дүние екенін ұғындыру. Шығармашылық қабілетін, ой-өрісін дамыту		
Сабақтың барысы.				

Сабақтың кезең уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурс тар
Басы	Психологиялық ахуал қалыптастыру. Жұмыс ережесін келісу ☞ Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз! ☞ Уақытты үнемдейміз! ☞ Нақты, дәл жауап береміз! ☞ Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз! Әнұран орындалады.	Психологиялық ахуалға берілген тапқтарды дауыстап айтып, тілді жаттықтыру және жаңа сабаққа назар аудару.		Психологиялық ахуал.
Ортасы	Адамзат қоғамы тарихында жазу-сызу басталғалы кітап бейне кәусар бұлақтай адамдардың рухани сусынын қандырып, жанын жадыратып келе жатқан рухани құндылық есептеледі. Сонымен бірге, кітап – қоғамды дамытатын қуатты құрал ғана емес, кейінгі ұрпаққа өшпес із болып қалар құнды белгі. Адамзат тарихында әр қоғам өзінің құндылықтарын әр кез соңына кітап арқылы қалдырып отырған. Шындығына келер болсақ, кітап таусылмас рухани қазынаның ең негізі, бастау алар бұлақ көзі есептеледі. Енді бір қырынан кітап оқу деңгейінің азайып бара жатқандығын адамдардың әлеуметтік тұрмыстық жағдайларынан, не базар экономикасының өзіндік кінәраттарынан қарастыратын жағдайлар да бар. Бұл орынды көзқарас емес. Өйткені халқымыздың әл-ауқаты төмен делінген жылдардың өзінде де, олардың кітапқа құштарлығы онан ары арта түспесе кеміген жоқ болатын Компьютер керемет, интернет тамаша екені рас. Бірақ, біз кітап оқуды, көркем әдебиетке қызығушылығымызды компьютер әлеміне жұтқызып қоймауымыз керек. Кітаптың құндылығы жәйында дана халқымыз «Білімнің бастауы кітап»,-десе, данышпан Абай «Артық ғылым кітапта, ерінбей оқып көруге»,-дейді. Ал ұлы драматург Шекспир «Кітап маған тақтан да қымбат»,-деп кітаптың құдіретін, оның мәртебесін онан ары асқақ көтеріп көрсеткен болатын. «Кітап заманалар толқынында тербеліп, үстіндегі қымбатты қазынасын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп келе жатқан ой кемесі» Жансызды жандандыратын, жандыны жаңғыртатын –кітап екенін білуге, бұл кітаптар қайдан шығатынын онда қаншама кеменгер адамдардың ойлары, зерттеулері, пікірлері, қол жетпес мұралары жазылатыны туралы бүгінгі сабағымызда ой бөліссек. Кітап – араб сөзі, “жазба”, ал түрікше “дәптер”, “мерзімді баспасөз басылымы” деген сөз.	Берілген сұраққа жауап беріп, өз ойларын білдіру.	Формативті бағалау. ҚБ: Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау.	

	Кітап өмір айнасы, замана сыры, тарих шежіресі, оқу, тәрбие құралы.			
Соңы	Қорытынды: «Мен жастарға сенемін», - деп Мағжан Жұмабаев атамыз айтқандай, ұлтымыздың болашағы бүгінгі жастардың қолында. Сол жастарымыз рухани сауаттылығы мықты болса, ұлтымыздың ұлағаттылығы мәңгі сақтала бермек. Халқының көңілінен шығатын, елінің үмітін ақтайтын, өткен ұрпақтың есесін түгендеп, келешек ұрпақтың мерейін үстем ететін Тәуелсіз еліміздің азаматтары рухани сауаттылықпен білім көгіне самғай беріңдер демекпін.	Балалар бір біріне деген тілектерін білдіреді.		

Педагогтің аты-жөні		Калмуратова Ж		
Күні:		23.09.2022		
Сынып: 1		Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы		Достық.Отаншылдық.Тәрбие.		
Сабақ мақсаты		Оқушыларға еліміздің көп ұлттылығын, достығын, бірлігін, экономикасын, мәдениетін және байлығын насихаттай отыра, достық пен бауырмалдыққа, бейбітшілікке тәрбиелеу, білімді болуға, көп тілді меңгеруге үйрету Ой — өрісі, сөйлеу тілі мен жазба тілі, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Отанын сүйетін, елін, жерін қорғай білетін патриот болуға тәрбиелеу.		
Сабақтың барысы.				
Сабақтың кезең уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурс тар
Басы	Психологиялық ахуал қалыптастыру. Жұмыс ережесін келісу ☺ Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз! ☺ Уақытты үнемдейміз! ☺ Нақты,дәл жауап береміз! ☺ Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз! Әнұран орындалады.	Психологиялық ахуалға берілген тапқақтарды дауыстап айтып, тілді жаттықтыру және жаңа сабаққа назар аудару.		Психолог иялық ахуал.
Ортасы	Қазақстан бүгінде ұлттар мен ұлыстар мекендеген достық пен туысқандықтың, ынтымақ пен ырыстың ордасына айналды. Елбасы Н.Ә.Назарбаев халықтар достығы бірлік пен татулық орныққан елдің жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан болуы керектігін ұлы міндет етіп қойды. Қазақстан халықтары осынау ұлы көштің басында қол ұстасып бірге жүрмек. Қазақстан Республикасының Президентінің жолдауы еліміз үшін де, әрбір тұрғын үшін де асыға күтер оқиғаға айналды. Жолдаудың әр жолында көңілінді көтеретін жылы шуақ, елдің ертеңгі көрінісін көз алдыңа келтіретін нұрлы қуат бар. Жаңа Қазақстанның көркейіп нұрлануына бірлесе үлес қосайық, ағайын.	Берілген сұраққа жауап беріп, өз ойларын білдіру.	Форма тивті бағалау. ҚБ: Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау. .	

	Әуен жіберіліп тұрады. Сахнаға ұлттық киім киген қазақтар шығады. Олар өз өнерлерін көрсетеді. Қазақстан Республикасын мекен еткен 130 дан астам ұлт өкілі күні бүгінге дейін ынтымақтастыққа, бір үйдің баласындай тату-тәтті жарасымды тіршілік кешіп келеді. Жүзі басқа болғаны мен жүрегі бір, тілі басқа болғанымен тілегі бір, мақсат-мүддесі ортақ, бірлігі мықты, достығы берік ұлттар қазақ елінің салт-дәстүріне, ұлттық құндылықтарына құрметпен қарайды, сондай-ақ қазақ халқының қарапайымдылығы, қонақжайлылығы, бауырмалдылығы үшін ерекше бағалайды, бастысы-өздері қоныс тепкен Қазақстан жерінің барлық ұланымен ауыз бірлікте, туыс болуды көздейді.			
Соңы	Қорытынды: Міне, балалар, осымен біздің «Достық. Отаншылдық. Тәрбие» атты тәрбие сағатымыз өз мәресіне жетті. Көріп тамашалағандарыңызға рахмет!!!	Балалар бір біріне деген тілектерін білдіреді.		

Педагогтің аты-жөні	Калмуратова Ж			
Күні:	30.09.2022			
Сынып: 1	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:		
Сабақтың тақырыбы	Қарттарым асыл қазынам			
Сабақ мақсаты	Оқушыларға ұлттық қадір-қасиеттер, имандылық, үлкенді қадірлеу, үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсету керектігін түсіндіру.			
Сабақтың барысы.				
Сабақтың кезең уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурс тар
Басы	Психологиялық ахуал қалыптастыру. Жұмыс ережесін келісу ☞ Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз! ☞ Уақытты үнемдейміз! ☞ Нақты, дәл жауап береміз! ☞ Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз! Әнұран орындалады.	Психологиялық ахуалға берілген тақпақтарды дауыстап айтып, тілді жаттықтыру және жаңа сабаққа назар аудару.		Психолог иялық ахуал.
Ортасы	Алдымызда 1- қазан қарттар күні мерекесі жақындап қалды. Неткен шіркін уақыт десеңші, осылайша ортамызда жүрген қарияларымыздың бір кезде елі, халқы, келешек ұрпағы үшін жасаған игі істері ерекше орын алады. Қазіргі кезде біздің мемлекетімізде қарттарға үлкен мән беріп, көңіл аударып, жан- жақты үкімет тарапынан қамқорлық жасалуда. Қазақстанның өсіп- өркендеуіне, еліміздің бейбітшілік тыныш өмір кешуіне өз үлестерін	Берілген сұраққа жауап беріп, өз ойларын білдіру.	Форма тивті бағалау. ҚБ: Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау.	

	қосқан осы ардақты да аяулы қарттарымыздың арқасы деп есептейміз. Міне, енді қарттар күні саналы ғұмырларын Отан деп, тынымсыз еңбектерімен мемлекетіміздің негізін салуға жол ашқан алдыңғы буын аға- апаларымыздың төл мерекесі. Олардың өмір жолдары бүгінгі ұрпаққа табылмас қазына. Қариялар – ақылды дариялар. Біз оларды құрметтеуіміз керек. Қазір таңдағы жастар өз дәрежесінде құрметтеп жүр ме? Өзің қарттарды қалай құрметтейсің? Осы заманда көп адамдар өздерінің туып, өсірген қарт аталары мен әжелерін қарттар үйіне апарып тастайды. Осы дұрыс па? Қарттар үйіне ол кісілердің баруына кімдер кедергі деп ойлайсыз? Жолдың арғы жағына бір қария өте алмай тұрады. Қолында ауыр сөмкелері бар. Қасынан өтіп бара жатқан бір баладан көмек сұрайды. Бірақ ол бала артына қайырылып қарамастан кете барды. Сіз не істер едіңіз? Көшеде қыдырып келе жатыр едің. Алдыңнан бір қария кездесті. Көзінде мұң, қайғы байқалады. Сенімен сөйлескісі келіп, әңгімеге тартты. Баласының қарамай, қарттар үйіне апаратынын сырттай естігендігін айтып, мұңын шақты. Сен қалай жұбатар едің? Баласының пікірі туралы не айтар едің? Өзіңе жақсы таныс, жиі араласатын құрбыңның әжесі мен атасы бар. Ол ата-әжесімен дөрекі сөйлеседі, сыйламайды. Айтқандарын тыңдамайды. Танысыңа қандай кеңес бере аласың? Келешекте осындай адамдар қарттарды қадірлемейді деген пікірмен қосыласың ба? Жалғыз тұратын қарт көршің бар. Үнемі сенен көмек сұрайды. Отын-су тасуға, дүкенге баруға, кейде үйін жинауға шақырады. Сенің әрекетің қандай? Ашуланбай көмек бере аласың ба? Әр оқушының пікірінен кейін өз ойларын айтып, оқушы жауабына сараптама жасйды. Ой қозғау. Қазіргі таңда қарттар үйі керек пе?			
Соңы	Қорытынды: Қазақтар – « Төріңнен қарт кетпесін» деп тілеген халық. Жасы үлкенге құрмет ету, қарттың бүгілген беліне сүйеу болу – біздің ата дәстүріміз. Өзіңді өмірге келтірген, тіршілігіңе нәр берген ата-ананың алдында адамның парыз-міндеті өлшеусіз.	Балалар өз ойларын білдіреді.		

	Бабаларым, рахмет сендерге!»,- деп Мұқағали Мақатаев атамыз айтқандай міне, балалар, біз өзіміздің ата-әжелеріміз алдында қарыздармыз. Ол қарызымызды тек жақсы тәрбие арқылы, адамгершілігі мол, мейірімді болу арқылы ғана, оларды көрген жерде құрметтеп сыйлау арқылы ғана қайтара аламыз. Қарттарымызды ардақтап өтейік! Оларды сыйлаңдар, қадірлеңдер!			
--	--	--	--	--

Педагогтің аты-жөні		Калмуратова Ж		
Күні:		07.10.2022		
Сынып: 1		Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы		«Менің сүйікті ұстазым»		
Сабақ мақсаты		Оқушыларды ұстазды құрметтеуге, сыйлауға үйрету, ұстаз мамандығының қыры мен сырларын түсіндіру. Ұстаз еңбегін әрқашан бағалай білуге үйрету.		
Сабақтың барысы.				
Сабақтың кезең уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурс тар
Басы	Психологиялық ахуал қалыптастыру. Жұмыс ережесін келісу ☺ Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз! ☺ Уақытты үнемдейміз! ☺ Нақты, дәл жауап береміз! ☺ Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз! Әнұран орындалады.	Психологиялық ахуалға берілген тақпақтарды дауыстап айтып, тілді жаттықтыру және жаңа сабаққа назар аудару.		Психологиялық ахуал.
Ортасы	Ұстаз....Қандай қасиетті сөз!Әр адамның жүрегіне ерекше жылулық нұрын себетін аяулы тұлға бейнесімен өзектес ұғым.Адам баласының жүрегінде қадір тұтып,құрметтейтін екі ұғым болса ,оның бірі –ҰСТАЗ! «Ұстаз» деген сөз қазақ баласы үшін қашанда қасиетті ,қадірлі болған. «Ұстаздан тәрбие алған» немесе «Ұстаз алдын көрген» деген сөздер «ана тәрбиесін алған» деген сөзбен ұштасып жатады. Ұрпақ тәрбиесі ұстазға байланысты. «Ұяда не көрсен,ұшқанда соны ілерсің»дегендей өнегелі ұстаздан жақсы шәкірт шығатыны сөзсіз. Ұстазсыз өмірдің нақты тұтқасын ұстау мүмкін емес. Адамды тәрбиелеп, оны азамат атандырудың өзі бір үлкен күш, сондықтан да ұстаздың еңбегі – ұлы еңбек. Ғылым иесі ғалым да, ел қорғаған батыр да, тілінен бал тамған ақын да, тегеуріні темір балқытқан	Берілген сұраққа жауап беріп, өз ойларын білдіру.	Формативті бағалау. ҚБ: Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау. .	

	жұмысшы да, егін салған диқан да, мал бағып тер төккен шопан да бәрі – бәрі ұстаздан тәлім алған, сондықтан барлық құрмет ұстаздарға арналады. Балалар жаттаған тақпақтарын айтады. 1. Ақырын жүріп анық бас, Еңбегің кетпес далаға. 2. Ұстаз деген ұлағатты сөз. 3. Ұстазы жақсының - ұстамы жақсы. 4. Хан бол мейлі, қара бол, Дарын бол мейлі, дара бол. Өтетін бәрі алдынан, Ұстаздар бейне сара жол.			
Соңы	Қорытынды: Балалар осымен біздің ұстаздарға арналған «Ұстаз аты биік, әрі мәңгілік» атты тәрбие сағатымыз аяқталды.	Балалар ұстазына тілектерін білдіреді.		

Педагогтің аты-жөні		Калмуратова Ж		
Күні:		14.10		
Сынып: 1		Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы		Тіл мерейі,ел мерейі		
Сабақ мақсаты		Оқушыларға мемлекеттік тілдің өркендеп, оянуына, мемлекеттік тілімізді сүйеге, мемлекеттік тілді аяққа баспай, мәртебесін биік ұстау жөнінде, әр ұлттың өзіндік ерекшеліктері, салт-дәстүрі, діні, тіл ерекшелігі болатынын түсіндіру;		
Сабақтың барысы.				
Сабақтың кезең уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурс тар
Басы	Психологиялық ахуал қалыптастыру. Жұмыс ережесін келісу ☺ Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз! ☺ Уақытты үнемдейміз! ☺ Нақты,дәл жауап береміз! ☺ Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз! Әнұран орындалады.	Психологиялық ахуалға берілген тақпақтарды дауыстап айтып, тілді жаттықтыру және жаңа сабаққа назар аудару.		Психолог иялық ахуал.
Ортасы	Тіл – әрбір ұлттың заңы сезімнің, ойдың жанды бейнесі. Қазақ халқы – сөзге шешен, ойы ұшқыр, мақалдап сөйлейтін халық. Кез-келген дауды атақты билеріміз бір ауыз сөзбен шеше білген. Осыншама жылдар бойы жеңілмей келе жатқан тіл. Ендеше ана тіліміз қазақ тілінің мерейін көтеру болашақ ұрпақ сіздердің еншілеріңізде деп білеміз. Бүгінгі біздің «Тіл мерейі-ел мерейі» атты тәрбие сағатымызды бастаймыз. Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үшін	Берілген сұраққа жауап беріп, өз ойларын білдіру.	Форма тивті бағалау. ҚБ: Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау.	

	үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар қазақ тілі - мемлекеттік тіл, орыс тілі - ұлтаралық тіл, ағылшын тілі - жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» делінген. Тек қазақ жұрты ғана емес, барша қазақстандықтар осы үш тілді өзара ұштастырып, өз орнымен қолдана білулері қажет. «2008 - жыл тілдер жылы» болып жариялануына орай бүгін сіздермен тілдер жайлы айтпақпыз. Қазақ тілі 2025 жылға қарай өмірдің барлық саласында үстемдік етіп, кез келген ортада күнделікті қатынас тіліне айналды. Осылай тәуелсіздігіміз бүкіл ұлтты ұйымдастыратын ең басты құндылығымыз – туған тіліміздің мерейін үстем ете түседі». Біздің ақын-жазушыларымыз да тіл туралы керемет айтқан даналық сөздері бар. (Слайдты көрсетілім) Тіл туралы мақал-мәтелдерге тоқталу. 1. Ана тілің - арың бұл, ұятың болып тұр бетте. 2. Алтын күн бағасыз бір белгі боп, Нұрлы жұлдыз - бабам тілі сен қалдың. 3. Туған тіліне жаны ашымаған адам - жәндік. 4. Ана тілін білмеген, ақылы жоқ желік бас Ана тілін сүймеген, халқын сүйіп жарытпас. 5. Шебердің қолы ортақ, шешеннің сөзі - ортақ. 6. Ақыл көркі көңіл, тілдің көркі сөз.			
Соңы	Қорытынды: Міне, балалар, бүгінгі біздің тәрбие сағатымыз аяқталды. Және осы сабақпен шектеліп қана қоймай үйге «тіл» туралы тақпақ жаттап келуге тапсырма беремін. Сабаққа ден қойғандарыңызға рахмет!	Балалар бір біріне деген тілектерін білдіреді.		

21.10.2022

Сынып сағатының тақырыбы: **Жаяу жүргінші өтпелі**

Сынып жетекші: Калмуратова Ж. Сынып: 1

Мақсаты: Оқушыларды жол ережесін білуге үйрету. Бағдаршам белгілері бойынша білетіндерін дамыту. Жол ережесін сақтауға, жарақат алған адамдарға көмек көрсетуге, әрдайым сақ болуға, абай болуға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Бағдаршам, жол белгілері.

Әдісі: Ойын жарыс түрінде өтеді. Балаларға тест таратылады, сұрақтарға жауап бере отырып «Жаяу жүргінші әліппесімен» танысады.

Барысы:

Мұғалім: Балалар, егер өз өмірлеріңді, денсаулықтарыңды сақтағыларың келсе әрқашан жолда жүру ережесіне сақ болыңдар. Демек жаяу жүргіншілерге қойылатын талаптарды бұлжытпай орындаңдар.

«Жаяу жүргінші әліппесі»

1.Жаяу жүргінші- бұл:

а.Жолда жұмыс істеп жатқан адам.

б.Тротуармен жүріп келе жатқан адам.

2.Қай жағдай жол апатына әкеліп соғуы мүмкін?

а.Жолда ойнау.

б.Машина жүретін жермен жүру.

3.Жаяу жүргіншілер колоннасы жолда қалай жүру керек?

а. Келе жатқан транспортқа қарсы жолдың сол жағымен.

б. Келе жатқан транспорт бағытымен, жолдың оң жағымен.

4.Шананы, шаңғыны қай жерде тебуге болады?

а. Жаяу жүргіншілерге арналған жолда.

б.Парк, стадион, жолға шығып кетпейтіндей жерлерде.

5.Тротуар дегеніміз не?

а. Көлік жүретін жол.

б.Велосипед жүретін жол.

в.Жаяу жүргіншілер жолы.

6.Тротуар шетімен жүрген қауіпті ма?

а.Қауіпті емес, себебі тротуар жаяу жүретін жол.

б.Қауіпті емес, себебі көлік тротуарға жақын жүрмейді.

в.Қауіпті, себебі тротуарға жақын келе жатқан машина сүйкеп өтуі мүмкін.

Жұмбақтар

Арқаным бар тым ұзын,

Ала алмайсың бір үзім

Тапшы мұны мысығым. (Жол)

2.Бір тұлпар су ішпейді, жем жемейді,

Ескеріп ешбір адам емдемейді.

Жүк емес жануарға жүз адам да,

Шылбырын сымға байлап тез жөндейді. (трамвай)

3.Екі ағасы қашады,

Екеуі қуады.Бұл не? (машина дөңгелектері)

4.Бұйырмапты бас та, ауыз, құлақта,

Бақырайған үш көзі бар бірақта. (бағдаршам)

Автомульты

Ертегілер мен мультфильмдер кейіпкерлерінің мінген көліктерін еске түсірейік.

1.Үйдің төбесінде өмір сүрген Карлсон өзінің моторын немен майлады ?

(варенье)

2.Пошташы Печкинге дядя Федяның ата-анасы нендей сыйлық сыйлады?

(Велосипед)

3.Ертөстіктің жанындай жақсы көрген көлігі? (Шалқұйрық)

4.Ертөстікті жер асты хандығынан жер бетіне шығарған не? (Қарақұс)

5.Жалмауыз кемпір көлігі?(келі, сыпырғыш)

- 6.Мысық Леопольдтің сүйікті көлігі? (велосипед)
- 7.Өтірік өлеңде Тазша бала көшкен көлік? (инелік)
- 8.Тазша бала қоянды нендей көлікпен қуып жетіп алады? (ақсақ қоңыз)

Сөйлейтін белгілер

1.Жол белгілері нешеге бөлінеді? (7)

2.Негізгілерінің аттарын ата

1.ескерту белгілері.

2.басымдылық белгілері.

3.тыйым салу белгілері.

4.нұсқау белгілері.

3.Ескерту белгілерінің белгіленуі. (қызыл жиекті, ақ түсті үшбұрыш).

4. Басымдылық белгілері:(үшбұрыш, ромб, квадрат, дөңгелек, алтыбұрыш).

5.Тыйым салу белгілері.(шеті қызылмен жиектелген қызыл, ақ, көк дөңгелектер)

6.Нұсқау белгілері. (көгілдір түсті дөңгелектер)

Қорытынды: Бүгінгі сабағымыздан не үйрендік?

Ия, дұрыс балалар, жаяулар жүретін жол туралы көп балалар біле бермейді, бірақ біз енді білеміз және ұмытпайтындарыңа сенеміз. Жолда жүру ережесін білу әр адамға міндет пен талап.

Педагогтің аты-жөні		Калмуратова Ж.			
Күні: 28.10					
Сынып: 1		Қатысушылар саны:		Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы		Ұлт жүрегінен орын алған – Шерхан аға.			
Сабақ мақсаты		Ш.Мұртазаның өмірі, шығармашылығы туралы тереңірек . түсінік беру дамытушылық – қазақ халқының ашаршылық жылдарындағы қайғылы кезеңдері мен тарихи бастан кешкен қасіретін таныту, оқушылардың өз бетімен ізденіп оқу, шығармашылық дағдыларын қалыптастыру.			
Сабақтың барысы.					
Сабақтың кезең уақыт	Педагогтің әрекеті		Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурс тар
Басы	Психологиялық ахуал қалыптастыру. Жұмыс ережесін келісу ☞ Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз! ☞ Уақытты үнемдейміз! ☞ Нақты,дәл жауап береміз! ☞ Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз! ☞ Сабаққа белсене қатысып, жақсы бағааламыз!		Психологиялық ахуалға берілген тақпақтарды дауыстап айтып, тілді жаттықтыру және жаңа сабаққа назар аудару.		Психолог иялық ахуал.
Ортасы	оқушылар,бүгінгі сабақтан тыс іс-шарамызға		Балалар өз ойларын	Форма	

	қош келдіңіздер! Біздің бүгінгі іс-шарамыз Шерхан Мұртазаның өмірі мен шығармашылығына арналады. Шерхан Мұртазаның өмірі мен шығармашылығын таныстыратын, Құрманәлі Аружан мен Қадырхан Арай. Шерхан Мұртаза (28.9. 1932 жылы туған, Жамбыл облысы Жуалы ауданы Талапты ауылы) — жазушы, қоғам қайраткері, ҚР-ның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері (1984), Қазақстанның халық жазушысы (1992). М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетін бітірген (1955). 1955 — 56 жылы Қазақ мемлекет көркем әдебиет баспасында, 1956 — 60 жылы “Лениншіл жас” (қазіргі “Жас алаш”), 1960 — 63 жылы “Социалистік Қазақстан” (қазіргі “Егемен Қазақстан”) газеттерінде тілші, әдеби қызметкер, редактор, 1970 — 72 жылы “Жазушы” баспасы жанындағы Балалар мен жастар әдебиеті бас редакциясының және “Жалын” альманахының бас редакторы, 1972 — 75 жылы “Жұлдыз” журналының бас редакторы, 1975 — 80 жылы Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының 2-хатшысы, 1980 — 89 жылы “Қазақ әдебиеті” газетінің бас редакторы, 1989 — 92 жылы “Егемен Қазақстан” газетінің бас редакторы, 1992 — 94 жылы “Қазақстан” мемлекет телерадио компаниясының төрағасы қызметтерін атқарды. 12, 13-шақырылған ҚР Жоғ. Кеңесінің, 2-шақырылған ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты болды. Сондай-ақ ол ҚР Президенті жанындағы Ұлттық кеңестің мүшесі. Шерхан Мұртаза шығармашылық жолын студент кезінде Л. Лагиннің “Хоттабыч қарт”, М.Кәрімнің “Біздің үйдің қуанышы” шығармаларын қазақ тіліне аударумен бастады. Ал тұңғыш кітабы — “Құрылысшы Дәку” очерктер жинағы 1958 жылы жарық көрді. Қазіргі замандас бейнесі, соғыс жылдарындағы тылдағы адамдардың қажырлы еңбегін баяндаған “Табылған теңіз” (1963), “Бұлтсыз күнгі найзағай” (1965), “Белгісіз солдаттың баласы” (1967), “Мылтықсыз майдан” (1969), “41-жылғы келіншек” (1972), “Ахметжанның анты” (1973), т.б. повестер мен “Интернат наны” (1974) атты әңгімелер жинақтары жарияланды. Өндірістің дамуы жөнінде, адам мен қоршаған ортаға қамқорлық туралы маңызды мәселелер	білдіру.	тивті бағалау. ҚБ: Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау.	
--	--	-----------------	---	--

	көтерген, ғылыми-техникалық төңкеріс жайын сипаттаған “Қара маржан” (1976; ҚР Мемлекет сыйлығы, 1978) романы, мемлекет қайраткері Т.Рысқұловтың өміріне арналған (“Қызыл жебе”, 1, 2-кіт. 1980; “Жұлдыз көпір”, 3 кіт., 1984) роман-трилогиясы басылды. Драматургия саласында жазушының “Қызыл жебе” (1987, Қ.Ысқақовпен бірге), “Сталинге хат” (1988), сондай-ақ “Бесеудің хаты” (1989) атты пьесалары қойылды. Ол Г.Х. Андерсеннің әңгімелерін, венгр халық ертегілерін, Ш.Айтматовтың “Ботагөз”, “Қош бол, Гүлсары”, “Теңіз жағалап жүгірген тарғыл төбет” повестерін, “Боранды бекет”, “Жанпида” романдарын қазақ тіліне аударды. Шерхан Мұртаза шығармашылық жұмыстармен қатар Қазақстан Республикасы тәуелсіздігі мен мемлекеттігін нығайту ісіне де белсене араласты. Қазіргі заманның, қоғамдық өмірдің маңызды мәселелерін, ел, жер, тіл мәселелерін көтеретін көптеген мақала-эсселер жазды. Шерхан Мұртаза “Құрмет белгісі”, “Отан” (1999) ордендерімен және бірнеше медальдармен марапатталған. Жамбыл облысының, Тараз және Астана қалаларының Құрметті азаматы			
Соңы	Бүгінгі өткен Ш.Мұртазаға арналған тәрбие сағатымыздан біраз мәліметтер алдық. Сабағымызды қортындылай келе сұрақ-жауап. Ш.Мұртаза кім? Құрметті оқушылар бүгінгі тәрбие сабақа қатысқандарыңызға көп – көп рахмет!	Бір-біріне өз ойларын білдіру.		
Педагогтің аты-жөні		Калмуратова Ж		
Күні:		11.11		
Сынып: 1		Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы		«15 қараша – Ұлттық валюта теңге күні»		
Сабақ мақсаты		Қазақстанның ұлттық ақшасына көшу тарихы, оның маңызын түсіндіру.		
Сабақтың барысы.				
Сабақтың кезең уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурс тар
Басы	Психологиялық ахуал қалыптастыру. Жұмыс ережесін келісу ☺ Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз! ☺ Уақытты үнемдейміз! ☺ Нақты, дәл жауап береміз! ☺ Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз! ☺ Сабаққа белсене қатысып, жақсы бағааламыз!	Психологиялық ахуалға берілген тақпақтарды дауыстап айтып, тілді жаттықтыру және жаңа сабаққа назар аудару.		Психологи ялық ахуал.
Ортасы	Қайырлы күн, оқушылар!: Біздің Отанымыз - егеменді,	Берілген сұраққа	Форма	

	тәуелсіз қазақ мемлекеті. 130 - дан аса ұлт өкілдері тұратын осынау қасиетті мекенде, асқақтаған өлкеде, кеңдігі керемет дархан далада, егіні теңіздей толқыған, төрт түлігі мыңғырған, өндірісі өркендеген мекенде өмір сүруші әрбір адам өз Отанын жанындай сүйіп, оның көк байрағын көкке көтеруді мақтаныш тұтады. Олай болса Тәуелсіздігімізге шаң жұқтырмай, оны ең қымбат бұйымымыздай сақтап, құрметтеп келер ұрпақтар қолына аманат етіп тапсыруға тиіспіз. Бүгінгі іс-шарамды жұмбақпен бастамақшымын: Әлемнің тынысы Байлықтың белгісі Ол не? -... (ақша, теңге) Олай болса Мың жаса, тәуелсіз Қазақ елі! - дей келе «Ұлттық валюта-теңге күні» атты тәрбие сағатымызды бастаймыз. Міне, бүгін теңге күнім – мерекем, Қандай дұшпан «олай - бұлай» дер екен. Осы теңге арқасында келешек, Елге келер тойымшылық, берекем. Әр мемлекеттің өзіне тән белгілері болады. Бүгінгі сабағымызда сол басты белгілердің бірі Қазақстанның ұлттық валютасы теңге туралы әңгімелейміз. Сәлемдесу: Сәлемдесіп алдымен, Басымызды иеміз. Бүгінгі күн баршаға Сәттілікті тілейміз Топқа бөлу: I топ- теңге II топ –евро III топ- доллар Ақша ертеден адамзат пайда болуымен қатар өмір сүріп келеді. Әлемде күн сайын қыруар адам тауар сатып алғанда, қызмет атқарғанда ақшамен байланыста болады. Ақша дегеніміз не? Топтық жұмыс: I топ: Ақша(теңге) деген не? II топ: Ақша не үшін қажет? III топ: Ақша қайдан келеді? Ақша-жалпыға бірдей балама ретінде барлық басқа тауарлардың құнын көрсететін ерекше тауар. Ақша барлық тауар өндірушілер, сатушылар, тұтынушылар арасындағы экономикалық байланысты қамтамасыз етеді. Ой қозғау: ақша қандай қызмет атқарады? ақша – құн өлшемі, айналыс құралы, қазына, қор, төлем құралы. 7 ғ. ақшалар мыстан, күмістен және алтыннан жасалды. Алтын айналысына бірқатар елдер 19 ғ. екінші жартысында өтті.	жауап беріп, өз ойларын білдіру.	тивті бағалау. ҚБ: Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау.	
--	--	---	---	--

	Түсіндірме жұмыс: теңгенің шығу тарихы туралы баяндалады (Алғашқы қағаз ақшалар қай елдерде пайда болды? Алғашқы қағаз ақшалар б.з. 12 ғ. Қытайда, 1690 ж. Ұлыбритан отары болған солтүстік Америкада, 1762 ж. Австрияда және 1769 ж. Ресейде пайда болды. Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдары қағаз ақшалар барлық елдерде шығарылды. Мақал – сөз мәйегі. 1. Теңге тиыннан өсер, Жылқы құлыннан өсер. 2. Ақша кетуге тырысады, Есеп ұстауға тырысады. 3. Ақша болса – алақанда сорпа қайнайды. 4. Ақша ашпайтын құлып жоқ. 5. Ақшада көз жоқ. 6. Ар-намысы таза адамның ақшасы аз болады.			
Соңы	Саябақта серуендеп кележатқан 2 достың әңгімесі. 2 дос саябақта келе жатып, біреуі кенеттен жерге еңкейіп, 1 теңге тауып алады. Екіншісі оған: - Оны қайтесің, оған ештеңе сатып ала алмайсың,-депті. Сонда досы: - Мен елтаңбамды көтеріп жатырмын. Елтаңбамыздың еңсесі биік, көк байрағымыз көгімізде қалықтай берсін дейік. Ұлттық теңгеміздің – ұлттық құндылығы жоғалмасын. Елімнің мәртебесін аяқ асты етпей жоғары көтеріп жүру – өз басым парызым деп білем, - деп жауап беріпті.	Тірек сөздермен жұмыс жасау.		
Педагогтің аты-жөні		Калмуратова Ж		
Күні:		18.11.2022		
Сынып: 1		Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы		Кім болғың келеді?		
Сабақ мақсаты		1. Оқушының өз еркімен таңдау жасау қабілетін арттыру 2. Жауапкершілікке баулу 3. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу		
Сабақтың барысы.				
Сабақтың кезең уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурс тар
Басы	Психологиялық ахуал қалыптастыру. Жұмыс ережесін келісу ☞ Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз! ☞ Уақытты үнемдейміз! ☞ Нақты,дәл жауап береміз! ☞ Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз! ☞ Сабаққа белсене қатысып, жақсы бағааламыз!	Психологиялық ахуалға берілген тақпақтарды дауыстап айтып, тілді жаттықтыру және жаңа сабаққа назар аудару.		Психолог иялық ахуал.
Ортасы	Қайырлы күн, құрметті балалар және	Берілген сұраққа	Форма	

	қонақтар! Балалар, бүгінгі біздің ашық сабағымызға қонақтар келіп отыр. Қонақтармен сәлемдесіп алайық. Балалар, бүгін біз «Мен өскенде кім болам?» тақырыбына ашық сабағын өткізгелі отырмыз. Олай болса, балалар, жақсы сөз жадыратар демекші бір-бірімізге бұрылып қарап жүрегіміздің жан-жылуын сыйлайық. Күн жарығын алақанға саламын, Жүрегіме басып, ұстай қаламын. Ізгі әрі нәзік, жарық мейірімді, Болып кетер сонда дереу жан жағым. Тәрбиеші: Мамандық алғың келе ме, Мамандық өзі немене? Айналаң толған мамандық Айналаң толған өнеге. Тыңдайық қане, ойнайық, Білімге терең бойлайық. Оқыған маман – шын маман, Мамандық алмай қоймайық. Үйренем десең жалықпа, Мамандық сырын анықта. Еңбектің бәрі – мамандық Жер-көктің бәрі – мамандық. Мамандық таңдауда мектеп қабырғасынан болады. Сондықтан бүгін өзіміз қалаған мамандық туралы өз ойымызды айтамыз. Балалардың пікірлері тыңдалады. Тәрбиеші: Әсемпаз болма әр неге Өнерпаз болсаң арқалан. Сен де бір кірпіш дүниеге, Кетігін тап та бар қалан, - деп өмірден өз орнын тауып, елімізге қажетті кәсіп иесі болу бәріміздің арманымыз. Біздің таңдауымыз да әр түрлі. Біреуіміз ертең ақын, екіншіміз инженер, енді біріміз құрылысшы болуымыз керек. Жаман мамандық жоқ. мамандықтың бәрі жақсы. Оқушы: Біздің болашағымыз – біздің мамандығымызда. Адамның алдағы уақытқа қойған мақсатының бірі. Мамандық бойынша адам жұмыс істейді. Оқуды бітіргеннен кейін таңдайтын мамандық. Белгілі бір кәсіпке ие болу, арманды іске асыру. Мамандық сөзі ол жұмыспен сипатталады. Тыныс алу жаттығуларын жасаймыз. Мақал-мәтелдер. Ендігі кезекте мақал-мәтелдер. Балалар, мамандыққа байланысты кім қандай мақал біледі?	жауап беріп, өз ойларын білдіру.	тивті бағалау. ҚБ: Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау.	
--	--	---	---	--

1. Еңбек түбі – береке,
Еңбек түбі – зейнет.
2. Еңбегі аздың өнбегі аз.
3. Ұстаның бізі сүйкімді,
Жақсының сөзі сүйкімді.
4. Шебердің инесі де алтын,
Соққан күймесі де алтын.
5. Жатқанға жан жуымас,
Жалқауға мал құралмас.
6. Құс қонбаған көл жетім,
Ел қонбаған жер жетім.
7. Еңбексіз өмір жоқ,
Ауырсыз жеңіл жоқ.
8. Шебердің саусағы асырайды.
9. Еріншектің ертеңі бітпес.

«Менен сұрақ, сенен жауап».

- Қандай мамандық түрлерін білесіңдер? (*Мұғалім, кітапханашы, аспаз, есепші, зергер, дәрігер, шахтер, тігінші*).

- Сендер қандай көлік түрлерін білесіңдер? (*Машина, ұшақ, кеме, автобус, мотоцикл, велосипед т.б.*)

- Қандай мамандық түрлерін көбірек естисіңдер? (*Мұғалім, кітапханашы, аспаз, есепші, зергер, дәрігер, шахтер, тігінші*).

Сергіту сәті

Анам менің сауыншы,
Апам менің қауыншы,
Әкем менің қауыншы,
Атам болса ол ұста.
Бәрі-бәрі жұмыста,
Отырмайын мен текке,
Кеттім мен де мектепке.

«Дұрыс па, бұрыс па?» ойыны.

Дұрыс болса қол көтереді, бұрыс болса көтермейді.

1. Қойшы балаларды оқытып жүр.
2. Жүргізуші машина жүргізеді.
3. Аспазшы үй салып жүр.
4. Дәрігер адамдарды емдейді.
5. Жазушы хат, газеттер тасып жүр.
6. Дәрігер етік тігіп отыр.
7. Мұғалім балаларды емдеп жүр.
8. Ұшқыш әдемі киім тігеді.
9. Өрт сөндіруші өртті сөндіреді.
10. Суретші сахнада ән айтып тұр.

Тәрбиеші: Белгілі бір мамандық иесі болу үшін не істеу керек? Ендеше, әрқайсымыз өз қалаған мамандығымызды айтайық. Сен өскенде кім болғың келеді?

Сұрақ-жауап.

1. Сенің әкең кім болып жұмыс істейді?
2. Сенің анаң кім болып жұмыс істейді?
3. Сенің атаң кім болып жұмыс істейді?
4. Сенің әжең кім болып жұмыс істейді?
5. Ал сен кім болғың келеді?
6. Жақсы маман болу үшін не істеу керек?

Сөзжұмбақ: «Бұл қай маман?»

1. Ала таяқ ұстаған,
Жол тәртібін нұсқаған.
Өміріңді күзеткен
Ысқырығы күшті адам. (Милиционер)

2) Бал тамған мәзір,
Ол бар жерде әзір. (Аспаз)

3) Оқу білім – бағдары,
Заманының бағбаны. (Мұғалім)

4) Өскен шашты жаратпайды,
Қайшы бар жалақтайтын. (Шаштаразшы)

5) Келіп баған қасына,
Өрмеледі басына. (Монтер)

6) Еңбек орны талабы,
Сүйікті әні – дала әні.
Егін салып мәпелеп,
Асырайды қаланы. (Диханишы)

7) Өңкей сығай екі топта,
Таласып жүр бір допка
Бұл кім? . (Футболишы)

8) Күміс қанат сұңқары,
Көкке еркін сүңгиді.
Бұлттан да тым әрі,
Кеткен жанды кім дейді? (Ұшықыш)

Соңы

Қорытынды.
Балалар, біз бүгін мамандықтың қандай түрлерімен таныстық?



Тірек сөздермен
жұмыс жасау.

	Жарайсындар балалар, мамандықтар туралы жас кездерінен өздерің қалаған кәсіпке ерте бастан дайындалған жақсы. Мамандықтың жаманы жоқ, тек оны дұрыс таңдай білген жөн. Кейбіреуіне әрине қабілет керек. Дегенмен, ең бастысы қалаған мамандықтың иесі болу үшін еңбексүйгіштік пен білімділік қажет.			
--	--	--	--	--

Педагогтің аты-жөні		Калмуратова Ж		
Күні:		25.11.		
Сынып: 1		Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы		Әр баланың өз құқығы бар.		
Сабақ мақсаты		Оқушыларға заң білімі саласынан мағлұмат бере отырып, өз құқықтарын жете білуге, өз беттерімен салыстыра білуге, өмірде қолдана білуге үйрету, құқықтық білімдерін толықтыру. Адамгершілік, адалдық, әділдік пен мейірімділікке баулу арқылы саяси саналығы мен таным белсенділігін арттыру.		
Сабақтың барысы.				
Сабақтың кезең уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурс тар
Басы	Психологиялық ахуал қалыптастыру. Жұмыс ережесін келісу ☞ Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз! ☞ Уақытты үнемдейміз! ☞ Нақты, дәл жауап береміз! ☞ Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз! ☞ Сабаққа белсене қатысып, жақсы бағааламыз!	Психологиялық ахуалға берілген тапқақтарды дауыстап айтып, тілді жаттықтыру және жаңа сабаққа назар аудару.		Психолог иялық ахуал.
Ортасы	Қанатты сөздер: «Ата заң әркімнің бойтұмары болып, оның әрбір қағидасы мүлтіксіз орындалғанда ғана ортақ мақсатқа қол жеткіземіз». Н. Назарбаев. «Бала бол, басқа бол – бәріне заң біреу - ақ» «Тура биде туған жоқ, туғанда биде иман жоқ». Ж. Баласағұн. Мұғалімнің кіріспе сөзі: «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесің» деген аталы сөзді атамыз бекер айтпаған. Әр адам мемлекеттік заңдарды құрметтеп, ата – бабамыздың тәжірибесін үнемі назарда ұстап отыруы тиіс. Халқымыз 13 жастағы баланы «отау иесі» деп атады. Ал қазіргі	Берілген сұраққа жауап беріп, өз ойларын білдіру.	Форма тивті бағалау. ҚБ: Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау. .	

	Қазақстан Республикасының Ата заңы бойынша, қылмыс жасаған баланы 14 жастан жауапқа тартады. 16 жастан бастап толық әкімшілік, қылмыстық жауапкершілік басталады, азамат жеке куәлік алады. Заңды білу – заман талабы. Бүгінде Қазақстан Республикасында демократияға бағытталған құқықтық мемлекет құру идеясы жүзеге асырып, ондағы әрбір азаматтың өз құқықтарын жете біліп, соған сай сана – сезімдерін қалыптастыру. Азаматтың міндеті – заң талаптарын бұзбау, екінші жағынан, өзіне жүктелген міндетін орындау. Өйткені заң дегеніміз - өмірдің нәрі. Заңның мықтылығы – атында емес, адалдығы мен әділдігінде. Заңның ең басты мақсаттарының бірі – қоғамдағы алуан мінезді адамдарды салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Әлемде 1979 жылы Халықаралық балалар жиынын өткізу кезінде «Балалар құқығы туралы халықаралық конвенцияны» дайындау жөнінде топ құрылды. 1989 жылы 20 қарашада конвенцияны БҰҰ бірауыздан қабылдады. Конвенция - әлем балаларының құқығын қорғау туралы және оларға тәрбие беру жөніндегі бірнеше баптан тұратын маңызды құжат. Онда: «Қатысушы мемлекеттер әрбір баланың өсіп – жетілуі қажетті тұрмыс дәрежесін қамтамасыз етеді және оның құқығын мойындайды» делінген. «Балалар құқығының» заңдары. Ой – талқы - Бала деп кімді айтамыз? - Баланың қандай құқығы бар? - Еңбек етуге; - Өз пікірін білдіруге; - Баланың өз атын, әкесінің атын алуға; - Мүлікке ие болу; - Қорғалуға; - Отбасында өмір сүруге, тәрбиеленуге; - Ұлтын таңдауға; - Дем алуға; - Денсаулығын сақтауға құқылы.			
Соңы	Конвенцияда адам құқығын құрметтеуге, баланы ата – анасынан, олардың мәдениетіне, тіліне, өзі тұратын елдің ұлттық байлығына, қоршаған ортаға, табиғатқа құрметпен қарауға тәрбиелеу жөнінде айтылған. Біз тәуелсіз, егеменді елміз. Өзімізге тән елтаңба, әнұран, туымыз бар. Соның маңыздыларының бірі – 1995 жылдың 30 тамызында Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы қабылданған.	Тірек сөздермен жұмыс жасау.		

	Конституция 98 бапты біріктіріп 9 бөлімнен тұрады. Адамның құқықтары, бостандықтары мен міндеттері осы бөлімдерде жазылған. Әр адам өз құқықтары мен міндеттерін білуі керек. Бүгін осы мәселелерді қарастырдық. «Заң білу – заман талабы». «Бала құқығы». «Заңға бағыну – адамзат міндеті». Мен міндеттімін: - білім алуға - тәртіп сақтауға - мектеп мүлкін сақтауға; - үлкендерді сыйлауға; - ана тілдің тазалығын сақтауға; - әрдайым таза, ұқыпты жүруге; - темекі шекпеуге, спирттік ішімдіктер ішпеуге. Бүгінгі іс – шарамызды қорытындылай келе, сіздерге көп алғыс айтамын.			
Педагогтің аты-жөні		Калмуратова Ж		
Күні:		02.02		
Тақырыбы		Спорт біздің досымыз.		
Мақсаты		1. Салауатты өмір салтын насихаттау 2. Балалардың денсаулығын, белсенділігін нығайту, күштіліктерін байқау.		
Жоспар				
Кезең уақыты	Жоспарланған ойын түрлері	Қатысушылардың әрекеті	Бағалау	Ресурс тар
Басы	Ұйымдастыру кезеңі, зейін шоғырландыру Бой сергіту жаттығулары Топтарды сапқа тұрғызу, сәлемдесу, қатысушыларды түгелдеу, сайыстың тақырыбы мен мақсатын айтып түсіндіру, қауіпсіздік ережелерімен таныстыру, саптық жаттығулар, жүру жаттығулары, жүгіру жаттығуларын орындау, тыныс алу жаттығуларын орындау.	Бой сергіту жаттығуларын қайталап,сайыс барысындағы қауіпсіздік ережелерімен танысу.		Психолог иялық ахуал.
Ортасы	Ұрпақ керек ертеңгі алда Болашақты болжайтын Жаны таза,тәні таза Елін, жерін қорғайтын Армысыздар, құрметті ұстаздар және оқушылар. Бүгінгі өткелі отырған «Спорт біздің досымыз» атты сайысымызға қош келдіңіздер! Сайысымызды бастамас бұрын мектебіміздің	Берілген сайыстың тапсырмаларына дайындалады.	Форма тивті бағалау. .	Доп, ысқырық, эстафеталық таяқшалар.

	тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Байжанова Р.А. сөз береміз. Енді бүгінгі сайысымызға әділ баға беретін әділ-қазыларды таныстырып өтейік. 1.Мектебіміздің дене шынықтыру мұғалімі: Абдықадыров Р.Қ. 2.Мектебіміздің медбикесі: Тілеумұрат Л.Т. Ал олай болса алғашқы сайысымызды бастаймыз. Алғашқы сайысымыз «Таныстыру» (Топты таныстыру, ұраны) 2 - сайыс: «Кім жылдам» Ойынның шарты: әр топтан 3-оқушыдан қатысады, шыққан әр қатысушы допты екі тізесінің арасына қысып мәре сызығын айналып секіріп қайту керек. Топтың барлық мүшелері межені айналып өтіп шығады.Кім жылдам қимылдаса сол жеңімпаз. 3-сайыс: «Кеңгуру» Ойынның шарты: әр топтан шыққан бір-бір қатысушы үлкен батуд резеңкі доптың үстіне отырып мәре сызығын айналып секіріп қайту қажет .Жарысқа барлық топтан 3-оқушыдан қатысады. 4-сайыс: «Таяқша эстафетасы» Ойынның шарты: әр топтан 4-оқушыдан қатысады, қатысушылар сөреден бастап мәреге дейін таяқшамен жүгіріп барып таяқшаны қойып жүгіріп қайтады,қалған топ мүшелері осы шарт бойынша жалғастыруы керек.			
Соңы	«Жүзден жүйрік,мыңнан тұлпар шығады» демекші міне, сайысымыздың соңына да жеттік. Олай болса топтарымыздың арасынан озып	Топтардың бір-бірін құттықтауы.		

	шыққан жеңімпаздарды анықтау үшін әділқазы алқасын ортаға шақырайық.				
	Уа, халқым, назар аудар денсаулыққа Өмірде бақыттысың денің сауда! Денсаулық бақыт деген терең сөзді Құр айтпаған ұлы Абай бабамызда,- демекші бүгінгі сайысымызды аяқтаймыз. Келесі кездескенше, қош сау болыңыздар!				
Педагогтің аты-жөні		Калмуратова Ж.			
Күні:		09.12			
Сынып: 1		Қатысушылар саны:		Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы		Тәуелсіз елім-тұғырың сенің биікте			
Сабақ мақсаты		1.Оқушыларды еліміздің тәуелсіздік алғаннан кейінгі жетістіктермен таныстыру, білімдерін кеңейту . 2. Туған жеріне, еліне деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Халқымыздың әдеп-ғұрып, салт-дәстүрін сақтап, әрі қарай жалғастыруға тәрбиелеу.			
Сабақтың барысы.					
Сабақтың кезең уақыт	Педагогтің әрекеті		Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурс тар
Басы	Психологиялық ахуал қалыптастыру. Жұмыс ережесін келісу ☺ Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз! ☺ Уақытты үнемдейміз! ☺ Нақты,дәл жауап береміз! ☺ Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз! ☺ Сабаққа белсене қатысып, жақсы бағааламыз!		Психологиялық ахуалға берілген тақпақтарды дауыстап айтып, тілді жаттықтыру және жаңа сабаққа назар аудару.		Психолог иялық ахуал.
Ортасы	Алдымызда еліміздің ұлық мейрамы – Тәуелсіздік күні келеді. Иә, бұл мереке – ұлық мереке, шын мәніндегі ұлы мереке. Бабалардың талай ғасыр аңсаған арманына біздің ұрпақ қол жеткізді. Бұдан артық қуаныш бар ма! Адамның ең басты бақыты – Тәуелсіздік. Ұлттың да басты бақыты – осы. Ендеше, барша қазақ өз бақыты үшін десек қателеспейміз. Біз биыл бұл мерекені 30-шы рет тойлағалы отырмыз. 2003 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жарлығы мен Тәуелсіздік жылы деп жариялануда үлкен мән бар. Өйткені қорытындылап, барды бағалап, болашақты белгілейтін кезең осы. Сонау жылы Жер – көркі		Берілген сұраққа жауап беріп, өз ойларын білдіру.	Форма тивті бағалау. ҚБ: Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау. .	

	Соғыс бұлты торлаған Сонда мәншүк апамыз Жаудан елді қорған Енді, міне, егеменді ел, тәуелсіз мемлекет болдық. Өшкеніміз жанып, тарихымызды қайта жаздық. Елдің рәміздерімізді жаңадан жасадық мемлекетіміздің орталығын өзіміз таңдадық			
Соңы	Тәуелсіздік – тәңірдің сыйы. Ол оңайлықпен келген жоқ бізге. Тәуелсіздіктің 20 жылы ішінде егемендік пен елдіктің береке мен бірліктің, ынтымақтың туын жоғары көтере білдік. Ендігі мақсат – Тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтап, басқа қонған баытты бағалай білу. Азаттық ұранның ұрпағына ұлағат еткен бабалар үрдісінің жалғасы, тарих атты қарт шежіренің қойнауына алтын әріптермен жазылған күн, егемен еліміздің ең ұлық, ең кастерлі мерекесі- Тәуелсіздік құтты болсын!	Тірек сөздермен жұмыс жасау.		

Педагогтің аты-жөні		Калмуратова Ж			
Күні:		23.12			
Сынып: 1		Қатысушылар саны:		Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы		«Отбасы – өмір аясы»			
Сабақ мақсаты		1) Отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы түсінік беру, бақытты жанұяның моделін дайындау; 2) Отбасы - Отанның бір бөлшегі екенін ұғындырып, оқушылардың бақытты жанұяға деген қызығушылығын арттыру; 3) Жанұядағы сыйластыққа, адамгершілікке, инабаттылыққа, ынтымақ пен бірлікке, татулық пен ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Үлкенді үлгі, кішіні мақтан етуге, отбасының бірлігін сақтап, жанұяның мақтаны болуға тәрбиелеу.			
Сабақтың барысы.					
Сабақтың кезең уақыт	Педагогтің әрекеті		Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурс тар
Басы	Психологиялық ахуал қалыптастыру. Жұмыс ережесін келісу 📍 Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз!		Психологиялық ахуалға берілген		Психологиялық ахуал.

	 Уақытты үнемдейміз!  Нақты, дәл жауап береміз!  Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз!  Сабаққа белсене қатысып, жақсы бағааламыз!	тақпақтарды дауыстап айтып, тілді жаттықтыру және жаңа сабаққа назар аудару.		
Ортасы	<i>Отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп, қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім – жақындарына, туған-туысқандарына деген сүйіспеншіліктен басталады.</i> <i>Н.Ә.Назарбаев</i> Отбасы – адам баласының діңгегі. Өйткені, адам ең алғаш шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап осында ер жетіп, отбасының тәрбиесін алады. Сондықтан да отбасы – адамзаттың аса қажетті, әрі қасиетті алтын мектебі. Оқушыларды отбасының бірлігін сақтап, ата - ананың алдындағы парызын өтеуге, жанұядағы сыйластыққа, адамгершілікке, инабаттылыққа, татулық пен ұйымшылдыққа тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырылып отырған тәрбиелік шараны ашайық! -Адамзат бесігін тербеткен ұя -Үлгі – өнеге бастауы -Жағымды қасиеттерге баулиды Сұрақтар: 1. Отбасы дегенді қалай түсінесіңдер? 2. Отбасының басшысы кім? 3. Отбасы қандай болуы керек? 4. Барлық отбасы бірдей болады деп ойлайсыңдар ма? 5. Сен қандай отбасын армандайсың? 5. Өз отбасыңа көңілің тола ма? 7. Отбасын неліктен жақсы көресіңдер? Отбасым— менің жүрегім Отбасым — менің тірегім Отбасым — менің Отаным Тек сен деп соғар жүрегім – дегендей, отбасы болашақ ұрпақ бойына адамзаттық құндылықтарды және ұлттық рухани байлықтарын сіңіретін тәрбие	Берілген сұраққа жауап беріп, өз ойларын білдіру.	Формативті бағалау. ҚБ: Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау.	

	ошағы. Отбасы – адам үшін ең жақын әлеуметтік орта. Отбасы белгілі дәстүрлердің, жағымды өнегелердің мұралар мен салт-дәстүрлердің сақтаушысы			
Соңы	Тәрбиелік сағатымызда А. С. Макаренконың «Балаға берілген дұрыс тәрбие - бұл бақытты қарттық, ал нашар тәрбие - біздің болашақтағы сорымыз, біздің көз жасымыз» деген ұлағатты сөзімен аяқтағым келеді.	Тірек сөздермен жұмыс жасау.		

23.12.2022ж

Сынып жетекші:Калмуратова Ж. Сынып: 1

Сынып сағатының тақырыбы Реттелетін жол қиылыстары. Бағдаршам

Мақсаты:Жүргінші өтпелерінің белгілерін қай жерде, қалай кездесетінің ұғындыру. Көшеде дұрыс жүру ережесін қалыптастыру. Қауіпсіздік ережесін меңгерту. Байланыстырып сөйлеу дағдысын дамыту. Сөздік қорын арттыру.

С а б а қ б а р ы с ы:

I. Оқушылардың сабаққа зейіндерін аудару. Күн ретін жазу.

II. 1.Жаяужолдың шетіне барып, жаяу жүргінші өтпесіне жақындап, жол жиегін баспай тоқта.

2.Солға және оңға қарап ал. Жол қиылысында көлік түрлерінің көлік түрлерінің қай бағытта келе жатқанын байқа: жаяу жүргінші өтпесі бағытына қарай бұрылғалы келе жатқан машинаның жоқ екеніне көз жеткіз.

3. Жақындап қалған көлік түрлерін өткізіп жібер.

4.Жолдан өтуді көлік түрлері қауіпсіз болатын қашықтықтан баста. Бұрылғалы келе жатқан көліктен сақтан.

5. Көлік жолдан өткенде жылдам адымда, бірақ жүгірме.

6. Жолдан өткен кезде алдымен сол жақта келе жатқан көлікке, ортадан асқан соң оң жақтағы көлікке қара.

7.Жол өтпесінен өткенде жаяу жолға қарай қиғаштап емес, тура, жол өтпесінің оң жағымен жүр.

III. Реттеуші және оның сигналдары.

Кей кезде бағдаршамның жұмысы тоқтап қалады. Ондай жағдайда адамдар араласады. 2 жақта білу керек. Жүргіншілер үшін жәнекөліктер үшін. Реттеушінің орны – жол қиылысының ортасы. Оның денесі мен қолдары арқылы жасалған қимылдар реттеушінің сигналдары болып табылады.

Педагогтің аты-жөні		Калмуратова Ж			
Күні:		30.12			
Сынып: 1		Қатысушылар саны:		Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы		Алғыс айту			
Сабақ мақсаты		-Оқушыларды жолда жүру ережесімен таныстыру; ережелерді есте сақтауға үйрету; – Жол қауіпсіздігін, өз өмірлерін сақтай білуге тәрбиелеу;			
Сабақтың барысы.					
Сабақтың кезең уақыт	Педагогтің әрекеті		Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурс тар
Басы	Психологиялық ахуал қалыптастыру. Жұмыс ережесін келісу ☞ Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз! ☞ Уақытты үнемдейміз! ☞ Нақты, дәл жауап береміз! ☞ Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз! ☞ Сабаққа белсене қатысып, жақсы бағааламыз!		Психологиялық ахуалға берілген тақпақтарды дауыстап айтып, тілді жаттықтыру және жаңа сабаққа назар аудару.		Психолог иялық ахуал.
Ортасы	Алғыс айту күні – бұл, ең алдымен, елімізде тыныштық пен үндестік, өзара сенімділік пен барлық қазақстандықтарға деген құрметтің орнығуына негіз болған Президенттің бейбітшілік пен келісім саясатының салтанатты күні. Бұл – тағдыр тәлкегімен Қазақстан жеріне еріксіз қоныс аударған түрлі этностардың миллиондаған өкілдерінің құтты қонысына айналған қасиетті қазақ жері мен қонақжай қазақ халқына терең тағзым белгісі. Қазақ халқы қиын – қыстау заманда олардың басына түскен ауырпалықты қайыспай бірге көтере білді, бұл бүгінгі таңда еліміздің түрлі ұлт өкілдерінің арасында адамгершілік қарым - қатынастың өнегелі өлшеміне айналды. Жер - Анамыз жасайды тарлық кімге? Кетпеу үшін мәңгілік қалғып түнде. Қайталанып, жаңарып айтылады, Бейбітшілік деген сөз барлық тілде Бастысы – алғыс айта білу... 1. Анаға – өмір сыйлағаны үшін,		Берілген сұраққа жауап беріп, өз ойларын білдіру.	Формативті бағалау. ҚБ: Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау. .	

	2. Әкеге – қорған болғаны үшін, 3. Ұстазға білім бергені үшін 4. Далаға – гүлдері мен көк шалғыны үшін, 5. Сөзге – жанды жылытатыны үшін, 5. Күнге – шуағы мен назары үшін, 6. Жұлдызға – қараңғы түндегі жарығы үшін, 7. Досқа – құшағы мен иығы үшін, 8. Әжеге – ыстық алақаны үшін, 9. Суға – тіршілік көзі болғаны үшін, 10. Жерге – махаббаты мен бар болғаны үшін, 11. Отқа – жылулығы үшін.. Бірге: Рахмет айтамыз! Ұстаздар! Қандай ғажап халықсыздар! Шәкіртке шыңдай биік алыпсыздар. Жан біткен жанарына нұр сыйлаған, Күндей боп күлімдеген жарықсыздар.			
Соңы	Ал, балалар! Демеңіз біз өнерді аяп қалды, Мезгіл де біраз жерге таяп қалды. Қош болып тұрыңыздар көріскенше, Осымен тәрбие сағатымыз аяқталды.	Тірек сөздермен жұмыс жасау.		

Педагогтің аты-жөні		Калмуратова Ж			
Күні:		20.01			
Сынып: 1		Қатысушылар саны:		Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы		Жақсы мінез-құлық ережесі			
Сабақ мақсаты		оқушылардың мінез-құлық туралы түсініктерін кеңейту; мінездегі жетістіктер мен міндерді ажырата білуге үйрету, сын тұрғысынан ойлауды дамыту; жақсылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.			
Сабақтың барысы.					
Сабақтың кезең уақыт	Педагогтің әрекеті		Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурс тар
Басы	Психологиялық ахуал қалыптастыру. Жұмыс ережесін келісу ☞ Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз! ☞ Уақытты үнемдейміз! ☞ Нақты, дәл жауап береміз! ☞ Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз! ☞ Сабаққа белсене қатысып, жақсы бағааламыз!		Психологиялық ахуалға берілген тақпақтарды дауыстап айтып, тілді жаттықтыру және жаңа сабаққа назар аудару.		Психолог иялық ахуал.
Ортасы	Топтастыру 2 түсті стикерлерді бір-бірден таңдап, бірдей түстілер бір топ болады. Оқушылар стикерлердің түстеріне қарай 2 топқа бөлінеді.		Берілген сұраққа жауап беріп, өз ойларын білдіру.	Форма тивті бағалау. ҚБ: Бас	

	«Ой қозғау» әдісі «Ата ана мен бала» бейне жазбадан көрсетемін. Жетелеуші сұрақтары: Мына бейне жазбадан не байқадыңдар? Мінезі жаман адамда жақсы қасиет бола ма? Жаман мінезді қалай түзеуге болады деп ойлайсың? Оқушылар бейне бойынша өз ойлаын ортаға салады. Постер қорғау «Жақсы адам», « жаман адам» қасиеттер жиынтығынан постер қорғау Оқушылар берілген тақырыпшалар бойынша постер қорғайды Іскерлік ойын – «Өзімді бағалаймын» Таратылған парақтарды толтыру Жағымды қасиеттерім , Жағымсыз қасиеттерім Сіздерге таратылып берілген параққа оң жағына «жақсы» «жаман» қасиеттеріңізді тізіп жазыңыз. Ол үшін алдымен өзіңіздің бойыңызды қандай қасиеттер бар соны ойланып алып, екі бағанға бөліп жазамыз.1.Қандай қасиеттеріңізді көп жаздыңыздар? 2.Қайсысынан өзіңізді көбірек таптыңыз? 3.Осыған дейін осы жайлы ойланып көрдіңіз бе? 4.Бұдан былай жиі есіңізге түсіріп отырсыз ба? Бұл жаттығуды жүргізудегі негізгі мақсатымыз біріншіден өзімізді, екіншіден басқа адамдарды танып білу үшін болса, үшіншіден бойымыздағы жаман қасиеттерді жойып, жақсы қасиеттерімізді асыру болады. Оқушылар өз бойларында бар жақсы және жаман қасиеттерін парақшаға жазады. Адамгершілік қасиеттер өз бойындағы жақсы мінез-құлық, жақсы әдет, жақсы әдептен құралады. Ол ананың ақ сүтімен, әкенің үлгі-өнеге тәрбиелерімен бойыңа сіңеді. Мектепте ұстаздар өмірдегі жақсылық пен жамандық, адалдық пен арамдықтың айырмасын танып білуге көмектеседі, өмірде дұрыс бағыт таңдай білуге үйретеді.Оны саралап, таңдап, бағалап, байыптап, өзіңе керегін ала білу, жақсылыққа үйреніп, жамандықтан жирену өзіңе байланысты. Жақсы адам боламын, өмірде мақсатыма жетемін десең бойыңдағы қасиеттерді ізгілендіріп, адамгершілікке ұмтылған жөн.		бармақ арқылы бір-бірін бағалау.	
Соңы	Рефлексия Өзіңе пайдалы мәлімет ала алдың ба? Қандай әсер алдың?	Тірек сөздермен жұмыс жасау.		

	Тілегің мен ұсынысың бар ма? Оқушылар кері байланыс парағын толтырады.			
--	---	--	--	--

Педагогтің аты-жөні		Калмуратова Ж			
Күні:		03.02			
Сынып: 1		Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:		
Сабақтың тақырыбы		Табиғат сенің өз үйің			
Сабақ мақсаты		: Туған жерге, отанға деген сүйіспеншілін арттыру , экологиялық білімді қалыптастыру, тұған жер табиғатты қорғауға баулу. Оқушыларға табиғаттың адам өміріндегі зор маңыздылығын насихаттай отырып, оны аялауға , сақтап қорғауға , өз үлестерін қосуға жамылдыру,мейірбандыққа баулу, экологиялық білімдерін молайту.			
Сабақтың барысы.					
Сабақтың кезең уақыт	Педагогтің әрекеті		Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурс тар
Басы	Психологиялық ахуал қалыптастыру. Жұмыс ережесін келісу ☞ Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз! ☞ Уақытты үнемдейміз! ☞ Нақты,дәл жауап береміз! ☞ Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз! ☞ Сабаққа белсене қатысып, жақсы бағааламыз!		Психологиялық ахуалға берілген тапқартарды дауыстап айтып, тілді жаттықтыру және жаңа сабаққа назар аудару.		Психолог иялық ахуал.
Ортасы	Табиғат жүрекке жылы, көңілге қонымды терең мағыналы сөз. Табиғатсыз өмір жоқ . Ол бар байлықтың көзі, адам өмірінің негізі. Табиғат біз қоршаған дүние,аспан , жер , тау, су жануарлар мен өсімдіктер әлемі. Адам қашанда табиғат әсемдігіне, сұлулығына тамсанып таңдаған қуанып шабыт алған және қамқор жасаған Тұған жеріміздің табиғаты адам айтқысыз әсем әрі бай . Табиғаттың ғажайып көріністері адам жанын үйлесімділікке , жарасымдылыққа шақырып тұрғандай . Тұған жеріміздің табиғатын гүлдендіру өз қолымызда. Қазіргі кезде экологиялық біліммен тәрбие беру ең негізгі мақсаттардың бірі. Біз оқушыларға экологиялық білім бере отырып, экологиялық сананы , тәрбиені қалыптастырумыз керек. Жалпы айтқанда экологиялық мәдениетті жасаймыз. Экологиялық мәдениет-қоршаған ортаға деген сүйішпеншілік пен экологиялық білімнің қалыптасуына , дамуына үздіксіз жетіле беруіне ықпал ететін , санамен рухани құндылық жиынтығы. Экологиялық білімі мен тәрбиесі аз адамда экологиялық сана болмайды. Сондықтан экологиялық тәрбиені бесіктен белі		Берілген сұраққа жауап беріп, өз ойларын білдіру.	Форма тивті бағалау.	
				ҚБ: Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау.	
				.	

шыққаннан бастап , есі кіргенде санасына қалыптастыру.

Гүлдей бер , жер -Ана
Аспаның ашық болсын
Аспаныңды бұлт торламасын
Тоғайың аң мен құсқа толсын
Суың мөлдір , таза болсын
Өзен , көлің,теңізің балықтарға толсын!
Орманың қызыл , жасыл гүлдерге толсын!
Табиғатты қорғау - бәріміздің борышымыз.

Өйткені, қазір теңізіміз тартылып орманымыз кесіліп, құнарлы жерлеріміз сортаңданып қалды, осының бәріне кім кінәлі Әрине ,адам бәрі адамдардың рақымсыз істерінен , кешегі табиғаттың тамаша кездерінде өмір сүрген ата-бабаларымыздың ескерпелерін орындаманың кесірінен десекте болады.

Ойын "Табиғатты аялайық". Әр бала табиғат түрлерін плакатқа жапсырып, табиғат көрінісін бейнелейтін тиым сөздер айтады.

1. Гүлді жұлуға болмайды, гүлді аялау керек.
2. Ағашты кесуге болмайды.
3. Суды ластауға болмайды, сусыз өмір жоқ.
4. Күнімізді бұлт баспасын.
5. Көбелекті өлтірмеңдер, ол әдемілік белгісі.

Табиғатқа қамқор боп,
Байлығын біз қорғай.
Табиғатпен достасып,
Жақсы істермен қолдайық.

Табиғат деген не
Адамсыз табиғат, табиғатсыз адам өмір сүре алмайды. Өйткені адам баласы табиғатта тіршілік етеді. Аяулы табиғатсыз осы ғаламда өмір сүру, тіршілік ету мүмкін емес. Қазіргі таңда табиғаттың ластану үлкен мәселе болып отыр. Барлық дүние жүзінде қорғау шаралары қарастырылуда. Табиғат бізден үлкен көмек күтеде.

Табиғаттың зардаптарын болдырмау үшін және табиғатты мен не істеуім керек . Міне осы сұрағыма жауап тапқан сияқтымын. Күнделікті өмірдегі автокөліктерден шыққан ұлы газ өнер кәсіптік құбырлардан шыққан химиялық ұлы қалдықтардан табиғатты қорғауға менің шамам келмес. Ал өзің шомылатын Тобыл өзеніне қоқыс тастамасам , басқаларға тастатпасаң бұл менің суды қорғағаным. Көктемдегі құстар келіп жатқан сәтте бұзақы балалар рогаткамен құсты атып жатуы жиікездеседі. Осындай сәтте біз оған жол бермесек құстар түрі біздің елімізде көбейеді.

Табиғат тіршілік иелерінің бәріне де керек, ауа,

	су, жылу, жарық қажет. Бұл тіршілік қажеттерін алар табиғаттан алады. Осының өзінде адам, өсімдік пен жануар сияқты тірі табиғаттың перзенті екеніне дәлел бола алады. Табиғатқа тау, тас, ауа, жан - жануар, шатырлаған найзағай, жауын - шашын, ақ ұлпа қар сияқты құбылыстарды жатқызуға болады. Осы құбылыстарды 4 мезгіл арқылы баяндай аламыз. Жұмбақты шеш Табиғат құбылыстары тұралы 1) Қолы м енен қаламы жоқ Бірақ сурет салады көп. (Аяз) Күн сәулесін төгілгені әдемі, Алуан түрлі қызыл гүлдер әдемі. Сылдыр қаққан мөлдір суда әдемі. Биік-биік шыңдарымда әдемі. Айдын көлде аққу қандай әдемі Сұңқар құстың самғағаны әдемі Даланы әнге бөлген құстарым қандай әдемі Мөлдіреген көздері киігім қандай әдемі Ақ көрпеге оранған қысым қандай әдемі Масатыдай құлпырған көктем қандай әдемі Асыр салып ойнайтын жазым қандай әдемі Сары түске боялған күзім қандай әдемі. Осылайша табиғатқа бір қарап Табиғатпен сырласуда әдемі.			
Соңы	Гүлдей бер , жер -Ана Аспаның ашық болсын Аспаныңды бұлт торламасын Тоғайың аң мен құсқа толсын Суың мөлдір , таза болсын Өзен , көлің,теңізің балықтарға толсын! Орманың қызыл , жасыл гүлдерге толсын! Қорытынды Табиғат сені сүйеміз, Басымызды иеміз. Осымен бүгінгі тәрбие сағатымыз аяқталды.	Тірек сөздермен жұмыс жасау.		
Педагогтің аты-жөні		Калмуратова Ж		
Күні:		17.02		
Сынып: 1		Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы		Мемлекеттік рәміздер-ұлт мақтанышы.		
Сабақ мақсаты		білімділік – Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін, оның құрылу тарихын, мемлекеттік атрибуттардың мәні мен рөлін зерделету, авторларын таныстыру; дамытушылық – жеке тұлғаның жағымды қасиеттерін, сезімдерін дамыту, талдау, салыстыра ой қорыта білу қабілеттерін дамыту;		
Сабақтың барысы.				
Сабақтың кезең уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурс тар

Басы	Психологиялық ахуал қалыптастыру. Жұмыс ережесін келісу Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз! Уақытты үнемдейміз! Нақты, дәл жауап береміз! Сабақта өзіміздің шапшандығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз! Сабаққа белсене қатысып, жақсы бағааламыз!	Психологиялық ахуалға берілген тапқақтарды дауыстап айтып, тілді жаттықтыру және жаңа сабаққа назар аудару.		Психологиялық ахуал.
Ортасы	Мемлекеттік рәміздер – тәуелсіздік символы (экраннан дыбыспен) 1 - жүргізуші: Оқушылар, сендер білесіңдер, әр елдің өз рәміздері болады. Біздің Республикамыздың рәміздері, олар: Гимн, Елтаңба, Ту. Қазақстан Республикасы бүгінде тәуелсіз мемлекет, егеменді ел. Бірақ ол мұндай дәрежеге оп - оңай жете қалған жоқ. Еліміз талай тар жол, тайғақ кешулерден өтті. Қазақстан ғасырлар бойы өз тәуелсіздігін алуға тырысты. Аңсаған арман жолында ата – бабаларымыз қаншама тер төгіп, қажыр - қайрат көрсетті. Ұлан байтақ жеріміз ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен жаулардан қорғап, болашақ ұрпақ үшін көздің қарашығындай сақтады. Басқа да халықтармен бейбітшілікте және келісімде өмір сүруге ынталы болуының арқасында Қазақстан төл мемлекеттігін қалпына келтіре алды. 2-жүргізуші: 1991 жылдың 16 желтоқсанында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Тәуелсіздігі туралы Заң жарыққа шықты. Осылайша, әрбір тәуелсіз мемлекеттегі сияқты, біздің елімізде де өз мемлекеттік рәміздеріміз – Ту, Елтаңба, Гимн қабылданды. 1-жүргізуші: Рәміздер – бұл адамдар топтары үшін ерекше мән - мағынасы бар суреттер, белгілер немесе сөздер. Олар көне замандардан бері бар. Жиырмасыншы ғасырда әр елде заңмен бекітілген өз мемлекеттік рәміздерін міндетті түрде қабылдау дәстүрі орнады. 1991 жылы 16-желтоқсанда Қазақстан тәуелсіз республика болып жарияланды. 1991 жылы 1-желтоқсанда Қазақстанның елбасшысы – Президенттің сайлауы болды. Тұңғыш Президент болып Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сайланды.	Берілген сұраққа жауап беріп, өз ойларын білдіру.	Формативті бағалау. ҚБ: Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау.	

	Мемлекеттік Елтаңбаның авторлары танымал суретшілер Жандарбек Мәлібеков пен Шота Аман Уәлиханов. 2-жүргізуші: Балалар, бүгін біздің ортамызда елімізге танымал суретші, Мемлекеттік Елтаңбаның авторы – Жандарбек Мәлібеков ағамыз қонақта. Ол кісі біздің жаңа типтегі мектебіміздің ашылу салтанатына арнайы келіп отыр. Ендеше ағамызды қошеметпен ортамызға шақырайық. (сұхбаттасу, оқушылар сұрақтар қояды)			
Соңы	Рәміздерге мақтанышпен қараймын, Үш рәмізді бақытыма балаймын. Ту, Әнұран, Елтаңбасы бар елді – Әлемдегі бақытты ел деп санаймын. Осымен балалар бүгінгі тәрбие сағатымыз аяқталды.	Тірек сөздермен жұмыс жасау.		

Педагогтің аты-жөні	Калмуратова Ж			
Күні:	24.02			
Сынып: 1	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:		
Сабақтың тақырыбы	Мен үйде тазалық ережелерін қалай сақтаймын?			
Сабақ мақсаты	Оқушыларды тазалыққа,салауаттылыққа өмір сүруге баулу. Оқушылардың өз ойларын айта білуі, өздері ой - түйін жасай білу дағдыларын дамыту.			
Сабақтың барысы.				
Сабақтың кезең уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурс тар
Басы	Психологиялық ахуал қалыптастыру. Жұмыс ережесін келісу ☺ Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз! ☺ Уақытты үнемдейміз! ☺ Нақты,дәл жауап береміз! ☺ Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз! ☺ Сабаққа белсене қатысып, жақсы бағааламыз!	Психологиялық ахуалға берілген тақпақтарды дауыстап айтып, тілді жаттықтыру және жаңа сабаққа назар аудару.		Психолог иялық ахуал.
Ортасы	Тұрмыс гигиенасының негізі — <u>пәтерді</u> күтіп, таза ұстау. <u>Бөлмеге жиһазды</u> толтырып жинай беруге болмайды. Себебі ол <u>шанның</u> көп жиналуына жол беріп, үйді таза ұстауды қиындатады. Тазалық сақтау үшін күн сайын шанды сүртіп, еденді дымқыл щеткамен сыпыру, аптасына кемінде 1 рет жуып отыру	Берілген сұраққа жауап беріп, өз ойларын білдіру.	Форма тивті бағалау. ҚБ: Бас бармақ арқылы	

	керек. Терезені кірлетпей уақтылы сұрткен абзал. Жұмсақ жиһаз бен кілемдерді шаңсорғыш пен тазалаған жөн. Бөлменің ауасы таза болуы үшін терезе желдеткішін күніне 3 мәрте: таңертең дене шынықтырған кезде, бөлмені жинастырғанда және ұйықтар алдында (пешпен жылытылатын үйлердерде пеш жағылатын уақытқа туралаған жөн) 30 минуттай ашып, желдетіп алу қажет. Жазда терезелерді ашып қойған дұрыс. Егер отбасыда балалар, жасы ұлғайған немесе аурушаң адамдар болса, оларға жел қарысып қалмас үшін бөлмені сақтықпен желдеткен жөн. Бөлменің ауасын тазарту үшін механикалық желдеткіштер де пайдаланылады. Ас үйде, ваннада, дәретханада желдетуге арналған ауа тартқыштар болады. Пәтерді жинастырған кезде торды жиналған шаңнан тазалаған жөн. Қабырға арқылы да аздап ауа алмасады, сондықтан тұрғын үй қабырғасын майлы бояумен сырлауға болмайды. Мүмкіндігінше, бөлме температурасы жылдың жылы мезгілінде 22°С-тан 25°С-қа дейін, қыста 20°С-тан 22°С-қа дейін (алайда 18°С-тан төмен емес) бірқалыпты болғаны абзал. Есіктер мен терезе рамаларындағы саңылауларды тығындап бөлмені жылы ұстауға болады. Температураны жоғарылату үшін электр каминдерді т. б. жылыту аспаптарын пайдалану керек. Пеш жаққан кезде иіс тиіп қалуынан сақталған жөн. Пешке от жағуды кешкі 20 сағаттан кейін тоқтатқан дұрыс. Отын толық жанып болғаннан кейін ғана пештің жаппасын жабады. Үйді күтіп ұстамаған жағдайларда (іргесі сыз тартқанда, төлені су басқанда, үйдің төбесінде, жабындысында ақау болғандағыдан басқа): пешті жүйелі түрде жақпағанда, бөлме үнемі желдетілмегенде, үй ішіне кір жуып, кептіргенде бөлмеде сыз пайда болып, ауа ылғал тартады. Сыз адамды науқасқа шалдықтырады, үй қабырғасы мен жиһаздарының бүлінуіне әкеп соқтырады. Сондықтан кірді ваннада жуып, балконда немесе аулада (оған арнайы бөлінген жерлерде) кептірген жөн. Адам көбірек бас қосатын бөлмелердің таза болуына ерекше мән берген дұрыс. Әсіресе, ас үйді таза ұстау қажет. Бөлмелерде шыбын, тарақан, кеміргіштер пайда болмау үшін тамақты ашық, ыдыс-аяқты жуылмаған күйінде қалдырмай, тағам қалдықтарын жабылатын шелекке салып,		бір-бірін бағалау. .	
--	---	--	------------------------------------	--

	уақытында шығарып отырған жөн.			
Соңы	Мен үйде тазалық ережелерін қалай сақтаймын? тақырыбындағы тәрбие сағатымызды қорыта келе, үйдегі тазалық ережелерін міндетті түрде қадағалап тұруымыз керектігін ұмытпауымыз керек екен.	Тірек сөздермен жұмыс жасау.		

Сынып жетекші:Калмуратова Ж. Сынып: 1

Сынып сағатының тақырыбы Автобуспен және троллейбуспен жүру

Мақсаты: Оқушыларды жолда дұрыс жүріп-тұруға тәрбиелеу. Қоғамдық мекемелердің күнделікті тұрмыста алатын орны , онда көптеген адам жұмыс істейтінін айтып түсіндіру. Олардың қандай көліктермен жұмысқа баратынын анықтау.

Қалалық және ауылдық жерлерде жолда жүру ережесінің айырмашылығын анықтау. Жол белгілерін ажырата білуге баулу. Жол жүру ережесін сақтауға тәрбиелеу.

Көрнекілік: Үй макеті , бағдаршам , жол белгілері.

Сабақ барысы

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Сынып сағаты.

-Балалар біз бүгін «Автобуспен және троллейбуспен жүру » тақырыбында сынып сағаты өткіземіз.

Мұғалім: Жолда жүру ережелеріне арналған сынып сағатымызды Шөмішбай Сариевтің мына өлең жолдарымен бастаймыз.

Арманға алдан күткен асығамыз,

Біз қалай толқын атпай басылармыз.

Жол жүру ережесін жақсы біліп,

Сақтықта тұра алатын жас ұланбыз.

Жалғайтын достастырып бар елменен,

Жолдардан тұрады ғой әлем деген.

Бүгінгі бізге келген қонақтарға,

Алдымен беріледі сәлем деген.

1 оқушы: Жол тәртібі кімге керек - бірге ойланып көрелік,

Әрқайсыңның қылығыңа әділ баға берелік.

Ережені жақсы білген ортаға шық, жас ұлан,

Біліміңді сарапқа сал, біз етейік төрелік.

2 оқушы: Қызыл көзін ашқанда,

Сынық сүйем баспа алға.

Қуаныш: Сары көзін ашқанда,

Қарап қалма аспанға.

Ербол: Жасыл көзін ашқанда,

Өте бергін жасқанба.

Ескерту белгі:

Өзі қызыл, үшбұрышты ескертуің мен болам,

Хабарлайтын бар қауіпті, оң сапарды жолдаған.

Тыйым салу:

Мен бәріне әрқашанда тыйым салып тұрамын,
Қауіп болса алда тұрған, жібермеймін бір адым.
Түсім қызыл, өзім шеңбер сызық болып бітемін,
Осы жолы үндемеймін, барма тағы сұрағың?

Анықтама: Белгімен көрсетер жылдамдық пен бағытты
Ой, шұңқыр, бұрылыс, қатерді, қауіпті.
Барлығын да анықтап көрсетіп жіберем,
Сондықтан бәрі де мені тез таныпты.

3 оқушы: Баратын сапардың қашығын, тұрағын,
Үн-түнсіз жол сілтеп, көрсетіп тұрамын.
Төрт топтан құрылған белгілер туыстай,
Жөн сілтеп тұрамыз у-шусыз ұрыспай.

Мұғалім: Жол белгілерін, міндеттеріңізді жақсы біледі екенсіңдер. Сендерге көп рахмет. Ал енді, балалар, олай болса, қазір жұмбақ шешіп, викториналық сұрақтарға жауап беріп көрелік.

1-жұмбақ: Арқаным бар тым ұзын,
Ала алмайсың бір үзім.
Ақылға салып ойланып,
Тапшы мұны пысығым. (жол)

2-жұмбақ: Бір тұлпар, су ішпейді, жем жемейді,
Ескеріп ешбір адам емдемейді.
Жүк емес жануарға жүз адам да,
Шылбырын сымға байлап тез жөндейді. (трамвай)

3-жұмбақ: Бұйырмапты бас та, ауыз да, құлақта,
Бақырайған үш көзі бар бірақ та. (бағдаршам)

Викториналық сұрақтар.

1-сұрақ . Жолаушылар дегеніміз кімдер ?

Жауап: Кез-келген көлік түрін пайдаланатын адамдар.

2-сұрақ. Бағдаршам дегеніміз не ?

Жауап: Бағдаршам автомат жүйесіне қосылған үш көзді аспап. Жол қоғалысын реттейді.

3-сұрақ. Велосипедпен неше жастан бастап жолмен жүруге болады ?

Жауап: жол бойына 14 жасқа толған балаларға ғана рұқсат.

4-сұрақ. Жиекжол жоқ жерде қалай жүру керек ?

Жауап: Ауылдық жерлерде жиекжол болмау мүмкін, ондай жағдайда жолдың бір шетімен келе жатқан көлікке қарама-қарсы бағытта жүрген жөн

Көрнекіліктермен жұмыс.

А) жолда жүру ережесінің сақталуы

Ә) көлік түрлері

Б) жол белгілері

Қорытынды. Ән.«Әрқашан күн сөбесін» аяқтау.

Көшеде тек жүрелік,

Өзінше бұл да бір ерлік.

Ата-ана қынжылмасын,
Түсіріп ұнжырғасын.